

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Қазығұрт ауданы Қарабау ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 35 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қарабау ауылы округі әкімінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 қаңтарда № 6228 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 1 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 02-05/394 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қарабау ауылдық округі Үшбұлақ ауылы Б.Есназаров № 1-17 көшелерінің аумағында ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қазығұрт ауданы Қарабау ауылдық округ әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 35 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30430 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қарабау ауылдық округінің әкімі*

*Ж. Алимкулов*